



ҚАЙТА ОРАЛҒАН МЕРЕКЕ



Биылғы жылдан бастап 25 қазан - Республика күні ұлттық мереке ретінде тойланатын болды. Соңғы 13 жылдан бері бұл күннің елеусіз қалғаны белгілі. Ұлт үшін маңызы зор датаға биыл Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ерекше мәртебе беріп, ортамызға оралтты. Себебі 25 қазан - Тәуелсіздіктің бастауы болған тарихи күн.

Осы мерекеге орай аудан орталығы Ақмол ауылындағы «Рухани жаңғыру» саябағында Мемлекеттік туды салтанатты көтеру шарасы болып өтті. Салтанатты рәсім - көк туды көтеру құрметіне Целиноград ауданының әкімі Б.А.Оспанбеков ие болды. Көк туымыз көкте желбіреген соң мемлекеттік Әнұран шықалды. Салтанатты рәсімге аудан әкімдігінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері, саяси партиялардың көшбасшылары, ауданның құрметті азаматтары және қоғам қайраткерлері, жастар қатысты.

Бұл күні, дәл осы уақытта елімізде жаппай мемлекеттік тулар көтеріліп, Әнұран орындалды. Шара барысында Целиноград ауданының әкімі Б.А.Оспанбеков өңір тұрғындарын мерейлі мереке – Республика күнімен құттықтады.

Р. ҚАДІРЖАН,
өз тілшіміз.

Ақмол.



ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Ұлық мереке - Республика күні қарсаңында өңірдің үш адамына «Целиноград ауданының Құрметті азаматы» атақтары берілді. Целиноград ауданының әкімі Б.А.Оспанбеков осынау атаққа ие болған еңбек ардагерлерін құттықтап, оларға ізгі тілегін арнады. Бұл әрине, еселі еңбекке орай берілетін лайықты марапат. Енді осынау еңбек адамдарының өмір жолдарына қысқаша тоқтала кетсек.

Құлбану БАЙНАУРЫЗОВА - еңбек жолын 1962 жылы Тастақ станциясында лаборант болып бастаған. Әр жылдары аға лаборант, өндірістік-технологиялық зертхананың бастығы, облыстық астық өнімдері басқармасының директоры қызметтерін атқарған.

«Құрмет белгісі» орденінің, Ауылшаруашылығы министрлігі мен облыстық астық өнімдері басқармасының Мақтау қағаздарының иегері.

Балғабай БОРБАСОВ - еңбек жолын «Ильинский» кеңшарында тракторист болып бастаған. Еңбек өтілі - 42 жыл.

«Ленин», «Құрмет белгісі» ордені мен «Еңбек ардагері», «Тыңға 50 жыл», «Ауыл еңбегі үшін» медальдарының иегері. Ол кісінің есімі Құрмет Кітабына енгізілген.

Ахмедия Мұхамедияұлы АХТАНОВ - еңбек жолын 1969 жылы «Новоишимский» кеңшарында жұмысшы болып бастаған. Әр жылдары «Новоишимский», «Красный флаг» кеңшарларында кәсіподақ комитетінің төрағасы, «Новоишимский», «М.Мәметова»



шаруашылықтарында агроном, «Мәншүк» ЖШС-нің директоры қызметтерін атқарды.

2014 жылдан қазірге дейін «Агрофирма Ақ дән» ЖШС-де бас агроном болып еңбек етуде.

Төртінші шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған. Жалпы еңбек өтілі - 53 жыл. «Ерен еңбегі үшін» «Қазақстан Республикасына 20 жыл» медальдарымен марапатталған.

Біз де өз тарапымыздан марапаттарыңыз құтты болсын демекпіз!

Т. ТӘШКЕЕВ, өз тілшіміз.

Ақмол.



БОЗОҚ — МУЗЕЙГЕ АЙНАЛДЫ

ындағы Ұлттық паркінің құрылысын бас телік капсуласын ресми түрде салу рәсімі 2022 жылғы 21 қазанда өтті.

ния заложения паркінің капсулы в время ачало строительства национального парка. Торжественное открытие состоялось 21 октября.



Қазақстан Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен, мемлекеттіліктің қалыптасуында орасан зор рөл атқарған тарихи оқиға РЕСПУБЛИКА КҮНІ қарсаңында 2022 жылғы 21 қазанда Астанада «БОЗОҚ» Ұлттық паркі құрылысының басталуын бейнелейтін уақыт капсуласын орнату ресми рәсімі өтті. Салтанатты шараға Түркия, Әзірбайжан, Тәжікстан елшілері, ТІКА, ғылыми қоғамдастық өкілдері, музей қызметкерлері, тарих пәнінің мұғалімдері, мектеп оқушылары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер, AT TRAVEL қоғамдық бірлестігі, құрылысшылар, дизайнерлер, жобалық тобы қатысты.



ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Әскербекұлы Абаев құттықтау сөз сөйледі. Ол ұлттық парк ежелгі және орта ғасырлардағы шынайы атмосфераны қалпына келтіретінін, онда келушілер өткен әлемге ене алатынын, ежелгі қалашықты қайта құру ішкі және сыртқы туризмнің дамуына өз үлесін қосатынын атап өтті.

Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры, профессор Ерлан Бәтташұлы Сыдықов өз сөзінде Кемал Ақышев пен Марал Хабдулина бастаған археологиялық экспедицияның жұмысы туралы естеліктерімен бөлісті. Жетекші отандық археолог-ғалым, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев Бозоқтың әскери-саяси және сауда-экономикалық орталық ретінде орналасуының геостратегиялық факторын атап өтті.

Капсуланы орнату рәсімін Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев және Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Еркін Әбіл өткізді.

2022 жылы құрылыс басталады. Іс-шараның барлық қатысушылары БОЗОҚ - бұл елдегі, ашық аспан астындағы «жанды» музейдің АЛҒАШҚЫ форматы, елорданың туристік брендтерінің бірі болуға үміткер. Жоба қатысушыларына сәттілік!

Әзірлеген **Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.**

20 ҚАРАША –ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Президенттікке кандидат Тоқаевтың 227 қоғамдық қабылдау бөлмесі ашылды

Бұл туралы Халықтық коалицияның баспасөз қызметі мәлімдеді, деп хабарлайды BAQ.KZ.

ҚР Президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдық қабылдау бөлмелерінде сайлаушылардың ұсыныстары мен тілектері қабылданады. Алғашқы күні қазақстандықтардың 100-ден астам өтініші келіп түсті.

Қоғамдық қабылдау бөлмелері өз жұмысын бастады. Мұнда біз сенім өкілдермен кездесу-

лер өткіземіз, азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін қабылдаймыз. Сондай-ақ, мобильді формат болады. Яғни, адамдармен кездесу үшін өңірлерге өзіміз барамыз. Ең шалғай елді мекендер қамтылады, – деп атап өтті ҚР Президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің басшысы Әлия Садырбаева.

Кандидаттың 4 мың сенімді өкілі 21 қазан мен 18 қараша аралығында қабылдау жүргізіп, сайлаушылардың ұсыныстары мен тілектерін жинайды.

Азаматтарды қабылдау жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүргізіледі.

Әуесбаев Шахтинск қаласында кітапхана қызметкерлерімен кездесті

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия-дан ҚР президенттігіне үміткер Нұрлан Әуесбаев Қарағанды облысы Шахтинск қаласының кітапханасының ұжымымен кездесті, деп хабарлайды BAQ.KZ.

Кездесу барысында Президенттікке үміткер ЖСДП және партия жүргізіп жатқан жұмыс жөнінде бөлісті. Әлемнің көптеген елдері қазірдің өзінде социал-демократияға көшкен. Бұл идеология кедейлікпен күресетін, адамдарға өмір сүру

үшін тең мүмкіндіктер ұсынатын, мемлекетті негізгі тәуекелдерден қорғауды қамтамасыз ететін әділ әлеуметтік мемлекет құруға бағытталғанын атап өтті.

Нұрлан Әуесбаев жиналған қауымды олигархиялық экономикадан бас тарту, тегін медицина және білім беру, әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын арттыру, парламенттік-президенттік басқару нысанына көшу секілді өзінің сайлауалды бағдарламасының негізгі тармақтарымен таныстырды.

Үміткер атап өткендей, бүгінде ел алдында тұрған басым міндеттердің бірі – сыбайлас жемқорлықты жою.

Салтанат Тұрсынбекова Астанада алғашқы үгіт-насихат плакатын ілді

Құқық қорғаушының өзі Астана көшелеріне алдағы сайлауда өзіне дауыс беруге шақыратын алғашқы плакатын ілуге шықты. Осылайша елордада және еліміздің аймақтарында штаб командасы іске кірісіп кетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Штаб қызметкерлері мен волонтерлер азаматтар арасында баннерлер, плакаттар іліп, парақшалар таратуда.

Волонтерлер қызығушылық танытқан азаматтарға Салтанат Тұрсынбекованың сайлау-

алды бағдарламасын жан-жақты түсіндіріп, оның жетістіктері мен жоспарлары туралы айтып береді. Елордада және еліміздің өңірлерінде кандидаттың штабы ресми түрде ашылды.

Бұған дейін қызметкерлер Орталық сайлау комиссиясында сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу бойынша арнайы семинарға қатысқан болатын.

Баспа өнімдері тек арнайы бөлінген орындарға орналастырылады.

Салтанат Тұрсынбекова әлеуметтік желідегі парақшасында бүгін ұжым алғашқы сапарына өңірлерге, оның ішінде, Ақмола облысына аттануды жоспарлағанын хабарлады.

ҚР Президенттігіне үміткер Қарақат Әбденнің сайлау алды штабы Қоянды ауылының тұрғындарымен кездесті

Қарақат Әбденнің сайлау алды штабы белсенді насихат жұмыстарын бастап кетті.

22 қазан күні штабтың үгіт-насихат тобы Ақмола облысының Қосшы қаласының Мәдениет үйінде тұрғындармен кездесу өткізді. Кездесуге келгендерді үміткердің сайлау алды платформасының басты бағыттарымен таныстырды. Қ. Әбден өз бағдарламасының әрбір қазақстандықтың өміріне қалай әсер ететінін

әңгімелеп берді. Кездесу барысында сайлаушылар белсенділік танытып, түрлі сұрақтар қойып, мәселе көтерді. Сұрақтардың дені әлеумет, инфрақұрылым, баспананы жақсарту туралы болды.

«Бүгін бізге Президиенттіктен үміткер Қарақат Әбден келіп, өз бағдарламасының мәнін түсіндіріп берді. Өзім қаламыздың инфрақұрылымын дамытуға байланысты бірнеше сұрақтар қойдым» - дейді Қосшы тұрғыны Әлия Бекенова.

Қосшы экономикасы дәстүрлі түрде Астанамен тығыз байланысты. Бұл қалаға да Қазақстанның басқа агломерациялары сияқты – халық санының өсуіне сай проблемалар тән.

ҚР Президенттігіне кандидат Мейрам Қажыкен өзінің үгіт-насихат жұмыстарын бастады

22 қазанда Павлодар облысына барып, кәсіподақ өкілдерімен, жастар және еңбек азаматтарымен кездесті.

Жиында өңір бойынша жұмысқа тұру, тұрғын-үй, еңбек ақы мәселелердің шешу жолдарын ұсынды. Мемлекет әрбір отбасыға жағдай жасауы қажет екенін айтты.

«Аймақтарда азаматтар үлкен қалалардағы мамандарға қарағанда аз жалақы алады. Ұлттық

еңбекақы жүйесін біріздендірудің уақыты келді. Нақты реформа арқылы бірыңғай стандартқа енгізу қажет», - деді кандидат.

М.Қажыкен әр адамның қабілеттерін дамытуға және оны өмірдің барлық саласында жүзеге асыруға қажетті жағдайлар мен ресурстар болатындай мемлекет құруға ұмтылатынын атап өтті.

«Мен өзімнің сайлауалды бағдарламамдағы басты міндеттердің бірі -әлеуметтік қорғаудың тең деңгейін қоямын. Кедейлік табалдырығында тұрған отбасыларға, ерекше қабілеті бар адамдарға көмектесуге ерекше көңіл бөлім келеді – оларға кәсіби іске асыру үшін барлық жағдай жасалуы қажет», – деді М.Қажыкен.

істейді. Сондай-ақ барлық ауданда 5 белсендіден 8 штаб ұйымдастырылды. Өңірдің қоғамдық штабында барлығы 53 адам жұмыс істейді. Алдыңғы сайлаумен салыстырғанда дайындық қарқыны екі есе өсті. Біздің қоғамдық штабтар үгіт-насихат жұмыстарына қажетті барлық заттармен қамтамасыз етілген. Олардың әрқайсысының өз кеңсесі, көлігі, кеңсе техникасы, партия атрибутикасы және үгіт барысында пайдаланылатын материалдары бар», – деп бөлісті «Ауыл» партиясы Жастар қанатының төрағасы А. К. Қайратова.

Жигули Дайрабаевтың 222 штабы 164 ауылдық ауданда және 37 облыстық деңгейдегі қалада жұмыс істейді.



САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

20 қараша 2022 ✓
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?



Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады



Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі



ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ПАЙДАЛЫ СЕМИНАР

Орталық сайлау комиссиясы президенттікке кандидаттардың сайлауалды штабтарының өкілдеріне арналған оқыту семинарын өткізді.

Семинарда негізгі спикерлер ретінде Орталық сайлау комиссиясының мүшелері Сәбила Мұстафина, Анастасия Щегорцова, ОСК аппаратының бюджетті жоспарлау және орындау бөлімінің менеджері Гүлназ Кембаева,



«Халық банк» АҚ Астана қаласы бойынша филиалының өкілдері Жанар Рахимова, Жания Досбаева, сондай-ақ Астана қаласы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы Айнагүл Иксан сөз сөйледі.

Семинар қатысушыларына президенттікке кандидаттардың БАҚ-та сөз сөйлеуіне республикалық бюджеттен бөлінген қаражат көлемі мен тәртібі, кандидаттың сайлау қорларын құру, сайлау қорытындылары белгіленгеннен кейін қаражатты пайдалану туралы есептерді ұсыну, сондай-ақ кандидаттардың барлық қаржы операциясы мен процедурасын ашық, әділ қамтамасыз ету туралы мәселелер толық түсіндірілді.

Сайлауалды штабтардың өкілдері жариялы сайлауалды шараларды өткізу арқылы кандидаттардың сайлауалды үгітті жүргізу, оның ішінде БАҚ арқылы, баспа, аудиовизуалды және басқа да үгіт материалдарын шығару және таратудың құқықтық шарттарымен танысты.

Спикерлер кандидаттардың сайлауалды штабтарының өкілдері тарапынан сайлау науқаны аясында қойылған сұрақтарына толық жауап берді.

■ Егін орағы-2022

КӨП СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ КҮЗДЕ ШЕШІЛЕДІ

— *Нұрлан Серікқазыұлы, биылғы жаздың ауыл еңбеккерлері үшін қиынға соққанын білеміз. Жаңбыр да аз болып, құрғақшылық орын алды. Әрине, диқандардың өмірі қарбалас тірлікке толы ғой.*

— Бірақ осыған қарамастан жауапты науқанды ойдағыдай аяқтап шықтық. Ауылшаруашылығы дақылдарының алқабы қазірде 264250 гектарды құрайды, оның 224349 гектары бидай және бұршақ тұқымдас дақылдардың үлесінде. 23438 гектар майлы дақылдарға бөлінген, мал азығының алқабы - 16167 гектар.

Өткен жылмен салыстырғанда, біз мал азығы алқабын 2632, ал майлы дақылдар алқабын 7785 гектарға ұлғайттық. Жалпы алғанда, 226,4 мың гектардың егіні орылды, бұл жалпы ауданның егістік алқабының 100 пайызы. 180,7 мың тонна астық жиналып, әр гектардан орташа есеппен 8 центнерден өнім жиналды.

Биылғы жылдың егін орағына әр түрлі маркадағы 545 егін жинайтын комбайн (оның 104-і шетелдік өнімділігі жоғары техника), 109 трактор және 97 автопоездар қатыстырылды. Қазірде қиындықтарға қарамастан, бірінші, екінші және үшінші ізбен пар өңдеу жұмыстары 100 пайызға орындалды.

— *Ауданда қанша астық қабылдайтын кәсіпорын бар?*

— Бүгінде 4 кәсіпорын жұмыс істеп тұр, оларда 144 мың тонна бидай сақтауға болады.

— *Қылышын сүйретіп қыс та келіп қалды, енді осы маусымға дайындық туралы әңгімелеп өтсеңіз.*

— Бүгінге дейін 100 мың тонна көк балауса дайындалды, бұл тапсырма 100 пайызға орындалды деген сөз. Осы мөлшердегі мал азығы ауданның барлық шаруашылықтарын қамтамасыз етуге жетеді. Жасыл орақ науқанында 75 бригада еңбек етті, 350 трактор бірлігі, 16 тіркемелі жатқа, 98 бірлік шөп шабатын техника, 76 бірлік жинағыш, 37 тиегіш қатыстырылды. 153 доңғалақты трактор шөп тасымалдаумен айналысты. Сондай-ақ, мал азығын дайындау ісіне 35 шаруа қожалығы ат салысты. Бір айта кететін жәйт, ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында ауданның

ауылшаруашылығы тауарын өндірушілері жалпы құны 1 миллиард 267 миллион теңге болатын 13 доңғалақты трактор, 7 егін жинайтын комбайн, 16 тиегіш сатып алды.

— *Аудандағы мал шаруашылығы саласын дамыту тұрғысында нендей істер атқарылуда?*

— Мал басы жыл өткен сайын артып келеді. Мәселен, 7 айдың қорытындысы бойынша ірі қараның саны 36062 басқа өсті, оның 16641- сауын сиырлары. Жылқы саны 21055 -ті құрайды (105,9 пайыз), ұсақ тұяқтың басы 39582 -ге (102,6 пайыз) жетті. Тірі салмақта ет өндіру 17,8 мың тоннаға (101,7 пайыз) жетті. Сүт сауу көлемі 103,2, ал жұмыртқа өндіру 103,1 пайызға артты.

— *Астаналық аудан елорданың Азық-түлік белдеуі бағдарламасын дамытуда айрықша маңызға ие екендігі белгілі.*

— Біздің бірқатар ауылшаруашылығы кәсіпорындары етті-сүтті бағыттағы фермаларды құруға мүдделі. Бұл орайда «Ен Дала» ЖШС ерекше ынта білдіріп отыр. Сондықтан аталған серіктестік өткен жылдан бастап 1000 бас ірі қараға арналған тауарлы сүт фермасының құрылысын жүргізуде. Бұл жоба үшін Мәншүк ауылдық округінен жер телімі бөлінген. Жалпы аумағы 25 гектарға заманауи үлгідегі сүт фермасын салу жоспарда бар. Жобаның жалпы құны 5 миллиард теңгеге бағаланған. Өндірістік қуатына келсек, жылына 8000 тоннаға дейін сүт өндіруге қауқары бар. Жоба жүзе асса, 40 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сонымен қатар «Murtuk-2017» ЖШС 150 бас шетелдік асыл тұқымды аналық мал сатып алуды жоспарлап отыр.

Жоспар астаналық ауданның кәсіпкерлігін қолдау картасына енгізілген. Инвестициялық жоба бойынша ауылшаруашылығы маңызындағы 300 гектар жер телімі (жайылым) ұсынылған. Кәсіпорынның өтінімі «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның «Сыбаға» бағдарламасы арқылы қаржыландырылған.

Сұхбаттасқан Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ, өз тілшіміз. Ақмол.

■ Табиғат — біздің ортақ үйіміз

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ — ЖАРҚЫН ӨМІР НЕГІЗІ

Техникамен қаруланған және энергияның қуатын орасан зор мөлшерде пайдаланатын бүгінгі адамзат Жер бетіндегі табиғатқа құдіретті күш ретінде ықпал етуде. Егер де бұл әсерлер табиғат заңдарын ескермей, миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан байланыстарды бұзатын болса, оның салдарынан түрлі апаттар пайда болады. Адамдар қазірдің өзінде осының әсерінен пайда болған табиғи апаттармен бетпе-бет кездесіп, табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына алаңдауда. Сондықтан экология қазіргі кезде осы дағдарыстан шығудың жолдарын табуға көмектесетін ғылым ретінде, ал экологиялық сауаттылық тұрақты өмірдің негізі ретінде үлкен маңызға ие болып отыр.

Барлық тірі және жансыз организмдер құратын экологиялық орта белгілі бір тәртіппен жұмыс істейді. Табиғи жағдайлар кезінде экологиялық орта кейде нашарлауы мүмкін, бірақ олар адамның шамадан тыс әрекетінен бұзылып, қоршаған ортаға кері әсер етуі



мүмкін. Климаттың өзгеруі, жауын-шашынның айырмашылығы, өндіріс жағдайы және өнім сапасы сияқты көптеген факторлар экологиялық өзгерістердің көрінісі болып табылады. Экологиялық өзгерістер, әсіресе адам жасаған іс-әрекеттердің нәтижесінде соңғы жылдары кеңінен таралууда. Антропогендік фактор ортаға елеулі түрде ықпал ете бастады.

Осындай себептер адамзат баласында жауапкершілік болуы қажет екенін ұғындырды. Бірақ барлық адам бірдей экологиялық тұрғыдан сауатты емес. Экологиялық сауаттылық бала өмірге келген сәттен басталып, өмір бойы жалғасады. Сауаттылық бастауы тал бесіктен. Ата-бабамыз «Бір тал кессең, он тал ек» деген пайыммен ұрпағын тәрбиелеген. Бұл тәрбиені дамытуда білім шаңырақтары да басты рөл атқарады. Мектептегі теориялық біліммен қатар практикалық білім де маңызды. Тек

сауаттылық туралы айтып қана қоймай, оны жүзеге асырудың маңызы зор.

Қоянды ауылы №2 ОМ-де 10-сынып оқушыларына «География және экология» атты қосымша сабақ өтіледі. Курс барысында жер бетіндегі экологиялық мәселелерге тоқталып, оны шешудің жолдарын ұсынамыз. Соның ішінде «Пластиктермен ластану» тақырыбы да бар. Пластиктің екі жүз жылға жуық уақытта ыдырайтындығы белгілі. Пластмассалар жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, өзінен қоршаған ортаға химиялық заттарды бөле бастайды. Жер асты сулары арқылы пластиктің ұсақ түйіршіктері және оның химиялық заттары ең жақын су көздеріне түседі, бұл жануарлардың жаппай қырылуына әкеліп соғады.

Сабақта оқушылар жалпы пластик деген не, оның зияны жайлы оқып, біледі. Осы сабаққа қосымша ретінде пластиктерді өңдеу және оны қайтадан кәдеге жарату тұрғысында да мәлімет беріледі. Бұл алған білімді бекітіп, ойды тұжырымдайды, оқушыны еңбекке тәрбиелейді, қиялын дамытады.

Яғни, оқушы бойындағы экологиялық сауаттылықты дамытады. «2030 жылы Қазақстан суы мөлдір, ауасы таза, жасыл желекті гүлденген ел болады» деп Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, еліміздегі экологиялық тұрақтылық пен гүлденген ел бүгінгі күннен бастау алады. Қоғамдағы әрбір адам өз бойындағы жауапкершілікті сезінуі қажет. Ол үшін үшін қоғамның әр мүшесі экологиялық тұрғыда сауатты болуы керек.

Амангүл УКАЙ,
Қоянды ауылы №2 ОМ
мүғалімі.

Суретте 10 «А» сынып оқушысы Досымбекұлы Мағжанның пластиктен жасаған гүлі.



АСТАНА - АРМАН ҚАЛА

Ел мен жер тарихы десе елеңдемейтін жан жоқ. Ертеңге қалдырар, ұрпаққа табыстар мирас-мұрамыз да, байлық базарымыз да – сол елмен жердің тағдыр талайы. Өткен бабаларымыздың ту көтеріп, туырлық тігер құттыхана шаңырағының уығын шаниар майлы да жайлы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалардай жұмақ мекен таңдауы тегіннен тегін болмаған.

Енді міне, екі ғасыр тоғысында Арқа төсінде жаңа елорда бой көтеріп, жоғалған елдігіміз оралды. Қалай десек те Астана қазақтың бас қаласы болып, жұлдыздай жарқырап, ұрпақтың келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз.

Мен Астана қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан Арайлы ауылында тұрамын. Елордаға жолым түскен сайын әйтеуір бір өзгешелікті байқаймын. Оның қазіргі сәулет өнерінің үлгілеріне сай бой түзеген биік те сұлу ғимараттары, күннен күнге өсіп жатқан әсем қала бір кездері қарапайым облыс орталығын адам танымастай өзгерткені мені таң қалдырады. Қаланың бүгінгі келбетінің кімді де болсын тамсандыраарына күмәнім жоқ. Өйткені, жазира далада көсіліп жатқан кемел сұлулығымен, Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай таркатылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан болар, Астана мен үшін әрқашанда салтанаттың қаласы, тасы өрге домалап тұрған жандардың мекені болып елестейді. Қазіргі таңда Астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына айналып отыр. Оның өзі Президентіміздің ізгі саясаты, көрегендігі мен кемеңгер ойының жемісі, арманы мен мақсаты, халқының тарихынан нәр алғандығы шығар. Астанамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады.

Мен үшін Астана – ең алдымен, шексіз мүмкіндіктер мекені және асқақ армандар мен биік мақсаттардың алтын кілті дер едім. Болашағын елордамыз Астанамен байланыстырған адамның алдынан екі бірдей есік ашылады: бірі – ғылым-білімге, келесісі – жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеяларға толы жарқын болашаққа деген бастау. Осы бір алып шаһарда үнемі қайнаған өмір, қым-қуыт тірлік, бәсекелестікке толы еңбек, ал бәсекелестік бар жерде ғана алға жылжуға, дамуға мүмкіндік бар.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 25-ші қазанда Республика күні деп қайта жаңғыртты. Бүгінде елімізде Республика күні мерекесіне арналған «Қыран елім - Қазақстан» акциясы жүзеге асуда. Менің түсінігімде қыран елдің ұясы осы - Астана қаласы секілді. Қыран құс талмастан, қайпастан биікке самғай береді. Еліміздің елордасы да дәл солай, әлем алдында беделі күн сайын артып, ғажап шаһарға айналууда.

Әйгерім ДАУРАМБЕКОВА,
кітапханашы.

Арайлы.

ЖОБА

Целиноград ауданы Нұрсіл ауылдық округі, Қабанбай батыр ауылдық округі, Қараөткел ауылдық округі, Қоянды ауылы, Жарлықөл ауылдық округі, Тасты ауылдық округі, Арайлы ауылдық округі, Жанаесіл ауылдық округі, Оразак ауылдық округі, Родина ауылдық округі, Приречный ауылдық округі, Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі, Софиевка ауылдық округі, Талапкер ауылдық округі, Шалқар ауылдық округі, Мәншүк ауылы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану Жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жайылымдар туралы» Заңдарына сәйкес, Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Целиноград ауданы Нұрсіл ауылдық округі, Қабанбай батыр ауылдық округі, Қараөткел ауылдық округі, Қоянды ауылы, Жарлықөл ауылдық округі, Тасты ауылдық округі, Арайлы ауылдық округі, Жанаесіл ауылдық округі, Оразак ауылдық округі, Родина ауылдық округі, Приречный ауылдық округі, Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі, Софиевка ауылдық округі, Талапкер ауылдық округі, Шалқар ауылдық округі, Мәншүк ауылы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану Жоспары осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 - қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

Целиноград ауданының әкімі

Толығырақ материалдармен аудан әкімдігінің ресми сайтында танысуға болады
<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-selinograd/documents>

■ Имандылық жолы

ОРАЗАҚТАҒЫ МӘУЛІТ ТОЙЫ

Бүкіл мұсылман елі тойлап жатқан Пайғамбарымыздың туған күні Оразақ ауылында кең көлемде атап өтілді. Елім деген жастардың ұйымдастыруымен таң атқаннан кеш батқанға дейін түрлі спорт ойындарынан жарыс өткізілді.

Ауыл әкімі Шыңғыс Әбітжанұлы Жәнділдин жиылған қауымды Мәуліт күнімен құттықтап, спортшыларымызға сәттілік тіледі.

Қазақша күрестен мектеп оқушылары арасында сайыс өтті. Бұл спорт түрінің білікті жаттықтырушылары Сайлау Арыстанов пен Бейбіт Сартаевтан тәлім алған жас балуандарымыз күрес кілемінде белдесіп, шыңдалған мықты жігіттер екендіктерін көрсете білді.



Демеушілеріміз жеңімпаздарды ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Сондай-ақ, бұл іс-шараға облыстан келген спорт сандактары да қатысты.

Мұнан соң ат спортынан аударыспақ өтті. Бұл ұлттық спорт түрінде Қазақстан және Азия чемпионы, жерлесіміз Марат Нұрпейісовтың тәлімгерлері өнер көрсетті.

Арқан тарту, кір тасын көтеру, қошкар көтеру тәрізді қызықты ойындар өте биік дәрежеде өтті. Бұл жарыста мықтының мықтылары жеңімпаз атанып, бағалы сыйлықтардың иегерлері атанды.

Осы аталмыш шара жергілікті қауымдастықтың төрағасы Бижанов Абылайхан қажының басшылығымен өтті. Оған Серік Қадыркеев, Талғат Оспанов, Ер-

лан Әбдірахманов, Данияр Әбдікәрімов, Руслан Бекмағамбетов, Ержан Қозыбаев, Еркебұлан Қаржанов, Айдархан Таксимов, Бақыт Түсіпбекова сынды және тағы басқа азаматтар тікелей атсалысты.

Елдің жанашыры боп жүрген осы адамдарға зор алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріне табыс, дендеріне саулық, жанұяларына бақыт тілейміз.

Кешкілік үлкен мешітіміздің асханасында Астанадан келген қонақтарымызға арнайы ас беріліп, діни рәсімдер жасалды. Ауыл имамы Жанат қажы Ахметов жиылған қауымды Мәуліт тойымен құттықтап, дұға бағыштады.

Мәуліт той құтты болсын Сіз бен бізге,

Болайық жаратқанның тілеуінде.

Аллаһым тәуфих берсін баршаңызға,

Тойымыз тойға ұласып кең көңілде.

Сұраған тілегіміз қабыл болсын,

Қашанда ниетіміз кәміл болсын.

Халқымыз, ел-жұртымыз аман болсын,

Баршаға ұзақ ғұмыр заман болсын.

Үлкендер беткеуістар даналарым,

Дос-жаран, туған-туыс ағаларым.

Дүбірлетіп той жасап жатқан қауым,

Сауаттан болсын басқан қадамдарың.

Пайғамбар Туған күні құтты болсын,

Тұғыры көк туымның мықты болсын.

Барша жұрт, Қазақ елі аман болсын,

Тек қана той тойлайтын заман болсын!

Асылбек РАМАЗАНҰЛЫ,
газеттің штаттан тыс тілшісі.

Оразақ.

■ Қарттарым — асыл қазынам

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ

«Қарты бар үй-қазына» демекші, үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан дәстүр-салтымыз. Қарттардың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағалымдары біз үшін орны бөлек дүние. Олардың Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектері ерен.

1 қазан – Халықаралық қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар күні қарсаңында Софиевка ауылдық округінде қарттарға, еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету тұрғысында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Қазан айының соңында мерекелік концерт қойылып, мол дастархан жайылды.

Мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Софиевка орта мектебінің оқушылары және «Жарқын Ай» балабақшасының бүлдіршіндері өз өнерлерімен жұртшылықты тәнті етті. Ата-әжелер мен мүмкіндігі шектеулі жандар да өнерден құралақан емес екендіктерін көрсетті.

Қазыналы қарияларымызды ая-



лау, ардақтау, құрметтеу әрбір азаматтың парызы. Осындай игі шараларға мұрындық болып, демеушілік көрсеткен «Агрофирма Ақ Дән», «АлазСтрой», «Ақмола Есіл», «Нұртас НС», «Восход Агро» серіктестіктері мен «Паволой В.Ф.» шаруа қожалығы өкілдеріне ақсақалдар алғыстарын білдіріп, ақ баталарын берді.

Софиевка ауылдық округі әкімінің аппараты да өз тарапынан демеушілік көрсеткен азаматтарға алғыс білдіреді.

Алма НАЗИЕВА,
әкімдіктің бас маманы.
Софиевка.

Хабарландыру

«АТС-Кум» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Қызылжар (қарабидай) құм кен орнын рекультивациялау жобасына ықтимал салдарлар туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Тыңдаулар 2022 жылғы 01 желтоқсанда сағат 15.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы, Қызылжар ауылы, Бейбітшілік көшесі, 19А мекенжайы бойынша өткізіледі.

Өңірдегі эпидемиологиялық ахуал нашарлаған жағдайда тыңдаулар келесі сілтеме бойынша бейне-конференция форматында өтеді:

ZOOM конференциясына қосылу
<https://us04web.zoom.us/j/2487410037?pwd=Qkx0Q0RaMXVVMY9IR2JtZzBBQUJaQT09>

Конференция идентификаторы: 248 741 0037 Кіру коды: jks7uG

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz>.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. +7 (7162) 40-28-07.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы: natur@akmola.gov.kz, kazekspert@inbox.ru.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы: мемлекеттік экологиялық сараптама

Тапсырыс беруші: «АТС-Кум» ЖШС, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы, Ынтымақ көшесі, 6/1 құрылыс, БСН 140940012429, Тел.: 87011254144.

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: www.upr.akmola.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru> құжаттама салалық құжаттамаларда, қоғамдық тыңдаулар бөлімінде, хабарландыру және хаттама бөлімшесінде орналастырылады.

Жобалық құжаттамамен қағаз түрінде мына мекенжай бойынша танысуға болады: Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114Б.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Строй-Тай» ЖШС, «КЦ «КАЗЭКСПЕРТ» ЖШС БСН 140640017330, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114Б тел. 87074429145, kazekspert@inbox.ru.

■ 101 қызметі ескертеді

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛАМЫН ДЕСЕҢІЗ...

Әдетте, күн суытып, жылыту маусымы басталған кезде электр жылыту құралдары мен пештердің ақауынан немесе оларды орнату және пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаудың салдарынан өрт оқиғалары жиілеп кетеді. Тілсіз жаудың алдын аламын десеңіз, төмендегідей қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыз.

— Жылыту маусымы басталар алдында от жағатын пештер тексеріліп, жөндеуі керек;

— Жарамсыз пештер мен басқа от жағу құралдарын пайдаланбау керек. Жеке меншік үйлерде жылыту кезеңінің алдында және 3 ай сайын түтіндіктер мен мұражалар ыс пен күйеден тазартылуы қажет;

— Пештің алдындағы еденге көлемі 50х70 см қаңылтыр қағылмаған жағдайда пешке от жағуға болмайды.

— Пештерді қатты қыздыруға және қатты отынмен жағылатын пештерді жағу үшін бензин, керосин, басқа да тез жанатын сұйықтарды пайдалануға болмайды;

— Пешке от жағу кезінде: жанып жатқан пешті қарусыз қалдыруға, сонымен қатар оны кішкентай балаларға тапсыруға, отынды, басқа жанғыш заттар мен материалдарды оттық алдындағы қаңылтырға қоюға, пешті шамадан тыс қыздыруға тыйым салынады.

Егер сіз электр жылыту пешін пайдалансаңыз, мына қағидаларды білуіңіз қажет: электр жылытқыштар тек зауытта жасалған болуы тиіс. Электр жылытқыштарды жанғыш заттармен жабуға, олардың үстіне кір кептіруге болмайды, қосылған құралдарды үнемі бақылап тұру қажет. Үйден шыққан кезде оларды міндетті түрде өшіріп тастау керек.

Айтылған ережелерді бұлжытпай орындау Сіздің үйіңізді кездейсоқ апаттан, жанұяңыздың, туыскандарыңыз бен жақын адамдарыңыздың өмірі мен денсаулықтарын сақтайды.

А. АХМЕТОВ,
ТЖБ инженері, аға лейтенант.

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күләгін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 211. Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

